

Ақмола облысы Қорғалжын ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің жанындағы "Ақмола су арнасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнын коммуналдық меншіктен республикалық меншікке қабылдау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 12 сәуірдегі № 348 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 қыркүйектегі № 556 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 11.09.2018 № 556 қаулысымен.

Ескерту. 1-тармағын қоспағанда, күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.09.2014 № 994 қаулысымен.

"Мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 маусымдағы № 616 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақмола облысы Қорғалжын ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің жанындағы "Ақмола су арнасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны мүліктік кешен ретінде заңнамада белгіленген тәртіппен коммуналдық меншіктен республикалық меншікке қабылдансын және Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің қарамағына берілсін.

2. Ақмола облысы Қорғалжын ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің жанындағы "Ақмола су арнасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің "Нұра топтық су құбыры" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – кәсіпорын) болып қайта аталсын.

3. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі тиісті саладағы уәкілетті орган болып белгіленсін.

4. Кәсіпорын қызметінің негізгі мәні мемлекет меншігіндегі су шаруашылығының жүйелері мен құрылыстарын ұстау, пайдалану, сондай-ақ қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне кәсіпорынның жарғысын бекітуге енгізісін;

2) кәсіпорынның әділет органдарында мемлекеттік қайта тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен, сондай-ақ Ақмола облысының әкімдігімен бірлесіп, осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

6. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін толықтырулар бекітілсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы 12 сәуірдегі
№ 348 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне
енгізілетін толықтырулар**

1. "Республикалық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 желтоқсандағы № 1344 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2004 ж., № 49, 638-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген республикалық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының тізбесінде:

"3. Топтық су құбырлары" деген бөлім мынадай мазмұндағы 24) тармақшамен толықтырылсын:

"24) Нұра топтық су құбыры".

2. "Республикалық мемлекеттік меншіктің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 11 маусымдағы № 483 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2007 ж., № 19, 214-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген жалпы мемлекеттік міндеттерді орындау үшін қажетті республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесінде:

"Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі" деген бөлім:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 278-15-жолмен толықтырылсын:

"278-15. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің "Нұра топтық су құбыры" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны".

3. "Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 ақпандағы № 172 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2013 ж., № 17, 302-құжат):

Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі туралы ережеде:

Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің және оның ведомстволарының қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 49-жолмен толықтырылсын:

"49. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің "Нұра топтық су құбыры" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны".